

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ атындағы ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ



«БЕКТЕМІН»

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

« 10 » 2023 ж.

«Журналистика және ақпарат» даярлау
бағыты бойынша
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2022-2023 оқу жылында атқарылған

ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАЗАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. Академиялық комитеттің ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді:

А) 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты АҚ мүшелеріне Академиялық комитет ережесі (УЕ-ХҚТУ-113-2022), Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі (УЕ-ХҚТУ-030-2021) таныстыру бойынша семинар ұйымдастырылып таныстыру парағына қол қойылды.

Б) Ережеге сүйеніп 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша Академиялық комитеттің жұмыс жоспары жасалынды.

2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізіліп 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша түлектердің моделі әзірленді.

2022-2023 оқу жылына білім беру бағдарламаларын жаңарту мақсатында Академиялық комитет мүшелері бір-бірімен тығыз жұмыс жасады және білім беру бағдарламаларының стейкхолдерлері де бұл жұмысқа белсенді қатысты.

Стейкхолдерлерден ментальді карта сұралып, соның негізінде 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты ББ атрибуты әзірленді. Атап айтқанда: «Түркістан-медиа» ЖШС түлектердің бойынан көргісі келетін қасиеттер: зерттеу дағдылары, пәндік білім, ұйымдастырушылық-әдістемелік қабілеттер, қарым-қатынас, мәдени құзыреттілік, өмір бойы білім алу мүмкіндігі, ақпараттық дағдылар, шығармашылық, жауапкершілік, көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдылар; Кері байланыс ретінде, 3 курс студенттерінің заманауи журналистің дағдылары туралы ұсыныстары да ескерілді. Баклавриат тарапынан келіп түскен ұсыныстары мынадай: жауапкершілік, ұйымдастырушылық, төзімділік, құзыреттіліктер, біліктілік, ақпараттық сауаттылық, прагматизм, тапқырлық. Сонымен қатар, бакалавриат түлектері тарапынан ұсынылған: технологияны жақсы меңгерген, креативті, толерантты, білікті, әділ секілді дағдылары да ескерілді.

Жан-жақты ұсынылған дағдыларды саралай келе, 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағытындағы ББ атрибуттары анықталды:

- әлеуметтік және азаматтық сауаттылық;
- мәдениетаралық коммуникация;
- кәсіби білім;
- Инновация және ақпараттық технология;
- Креативті көшбасшылық

Анықталған атрибуттар негізінде 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты түлектердің моделі әзірленді.

6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты ББ түлегінің моделі: еліміздің ақпараттық саясатын жүргізу мемлекеттік идеологиямен ұштасып жатқан маңызды приоритеттің бірі. Идеология мен ақпарат майданында белсенді қызмет ететін медиа мамандары мен журналист кадрлары мамандардың тұлғалық деңгейіне, құзыреттілігі мен кәсіби біліктілігіне еңбек нарығы тарапынан қойылатын талаптарға сай, инновацияға ашық, креативті маман болуы керек.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАРАША АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша ББ ішкі аудитін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

Ішкі аудит төмендегі мәселелерді қамтыды:

- ББ сипаттамалары;
- Қазақстандағы, шет елдегі ең үздік ББ жүргізілген бенчмаркинг нәтижелері;
- Соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері;
- Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері;

- Сауалнамалар (білімгерлердің жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері;
- Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері;
- Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері;
- ББ білікті оқытушылармен қамтамасыз етілуі;
- ББ оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі;
- ББ инфраструктурамен қамтамасыз етілуі.

6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты түлектердің білім беру бағдарламаларының өзіндік бағалау есебі жасалынып сайтқа салынды.

2. ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды.

3. 6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау жұмыстары жүргізілді.

6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бағдарламасының мақсаты:

Әлеуметтік және азаматтық сауаттылыққа ие мәдениетаралық қарым-қатынасқа қабілетті, пәндік білімі терең, ұйымдастыратын және бағалайтын, құзыреттілігі мен кәсіби біліктілігіне еңбек нарығы тарапынан қойылатын талаптарға сай, инновацияға ашық, креативті маман болуы керек.

Белгіленген мақсатқа сәйкес 6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағытындағы ББ оқыту нәтижелері анықталды:

Әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау қабілеті

- Зерттелетін салада мәліметтерді жинақтау және сыни көзқараспен талдау нәтижесінде өз бетінше шешімдер қабылдау арқылы көшбасшылық қабілетті қалыптастырады (ОН1).
- Интернационалдық ортада мемлекеттік және шетел тілдерінде кәсіби, академиялық, ғылыми және әлеуметтік қарым-қатынастар орнатады (ОН2).
- Кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу әдістерін, академиялық жазба негіздерін, адалдық принциптері мен мәдениетін қолданады (ОН3).
- Кәсіби қызметінде қоғамның рухани құндылықтарын және экономикалық, экологиялық, құқықтық принциптерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қағидаттарын сақтайды (ОН4).

Объектілер немесе өңірлерден бекітілген қызмет бағыттары (экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәденижәнет.б.), бойынша талданған ақпарат пен редакцияға материал дайындау қабілеті.

- Кәсіби қызмет бағытына сәйкес журналистік этиканы сақтап, сараптамалық-ақпараттық материалдар әзірлейді (ОН5).

Медиа техникасының әдістері мен технологиясын қолданып, журналистік жарияланымдардың құрылымдық композициясын әзірлейді (ОН6).

Отандық және әлемдік дереккөздердің материалдарындағы құжаттарды пайдалана отырып, мәселе төңірегінде міндетті түрде өз пікірін көрсетіп талдамалық, жалпылама шолу материалдарын жариялау қабілеті.

Қоғам өміріндегі өзекті оқиғаларды жаңа медиа форматында жариялауды ұйымдастырады (ОН7).

Ізі суымаған оперативті жаңалықтар негізінде шұғыл репортаждар жасайды (ОН8).

Цифрлардың шынайылығы мен материалда келтірілген дата-деректердің дұрыстығын растап журналистік этика мен құқықтық нормаларын сақтайды. (ОН9).

Студиялық және студиядан тыс түрлі жанрдағы телевизиялық (радио, интернет) хабарлар мен бағдарламаларды өткізуді жүзеге асыру және тікелей эфирде жұмыс жасай білу қабілеті

Әртүрлі жанрлардағы хабарларды газетте, телевизияда, радиода, әлеуметтік желілерде әзірлеу үшін аудио, бейне құрылғылармен жұмыс жасайды (ОН10).

Сценарийге лайықтап өңдеп материалдардың эфирлік нұсқаларын ұйымдастырады (ОН 11)

Журналистиканың әлеуметтік ортадағы белсенділігін арттыруға бағытталған ғылыми зерттеулер жүргізеді (ОН12).

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылды.

2. 6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын оқыту стратегиясы анықталып бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау жұмыстары жүргізілді.

2023-2024 оқу жылына 6B032 Журналистика және ақпарат БББ оқыту нәтижесіне негізделген пәндер тізімі:

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
		ЖК	ТК
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Дене тәрбие, Ясауитану Әлеуметтік-саясаттану білім модулі(әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология) ;	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Қазақ тілі, Орыс тілі , Түрік тілі , Шетел тілі Ататүрік принциптері, Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Түрік мемлекеттер тарихы	
3	Пәндік білім	ЖК	ТК
		Журналистикаға кіріспе; Қазіргі журналистиканың жанрлық формалары мен қызметі; « Қазақ журналистикасының тарихы, Шетел журналистикасы, Конвергентті журналистика, Медиа этика Фотожурналистика, Медиа менеджмент, Қоғаммен байланыс,	Құқықтық журналистика; Саяси журналистика, Дата-журналистика, БАҚ тілі мен стилі, Журналистика және ұлттық бірегейлік, БАҚ этикасы, Журналистиканың социологиясы, Журналистиканың психологиясы, Публицистің шығармашылық шеберханасы ; Ғылыми коммуникация , Арт журналистика, Спорт журналистикасы
4	Кәсіби білім	Телерадио-журналистика, Телемонтаж негіздері, Телеоператор шеберлігі, Ақпарат жинау және жазу шеберлігі Практикалық журналистика, Қазіргі баспасөз қызметі, Мерзімді баспасөз дизайны, Іскерлік журналистика	
5	Инновация және ақпараттық технология	Мультимедиялық журналистика, Факт-чекинг, Дата-журналистика, Жаңа медиа	
6	Креативті көшбасшылық	Көшбасшылық теориясы, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері; Экология және өмір қауіпсіздігі, Сыбайлас жемқорлыққа мәдениет негіздері, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу.	

2023-2024 оқу жылына 6В03279-сандық медиа және телерадиожурналистика

№	БББ атрибуттары	Пәндер тізбесі	
1	Әлеуметтік және азаматтық сауаттылық	Қазақстан тарихы, Философия, Әлеуметтік білім және салауатты өмір салты модулі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері, Дене шынықтыру, Ясауитану	
2	Мәдениетаралық қарым-қатынас	Қазақ тілі, Орыс тілі, Түрік тілі, Шетел тілі, Ататүрік принципі, Түркі мемлекеттер тарихы, Түрік тілі, Түрік тілі, Түрік тілі, Ағылшын тілі, Ататүрік принциптері, Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Түрік мемлекеттер тарихы	
3	Пәндік білім	ЖК	ТК
		Сандық журналистикаға кіріспе, Электронды БАҚ жанрлары, Құқықтық журналистика, Медиаэтика,	Медиа техникасы мен технологиясы, Сандық телерадиожурналистика, Радиодағы цифрлық монтаж, Подкаст шеберлігі, Деректі фильм жасау шеберлігі, Масс медиа және жарнама, Медициналық журналистика, Журналистика және дін
4	Кәсіби білім	Телеоператор шеберлігі, Телесценарий өнері, Телерадиодағы дикция, Ақпарат жинау және жазу шеберлігі, Сюжет әзірлеу шеберлігі,	
6	Инновация және ақпараттық технология	АКТ, Мультимедиалық журналистика, Медиадизайн техникасы мен технологиясы, Конвергентная журналистика, Бейнені цифрлық өңдеу,	
7	Креативті көшбасшылық	Креативті көшбасшылық, Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу, Экономика, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, Экология және өмір қауіпсіздігі,	

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚАНТАР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

«Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізілді.

Журналистика кафедрасының меңгерушісі А.Т. Бельдибекова:

6В032 -Журналистика және ақпарат білім беру бағдарламасы және 6В03279-Сандық медиа және телерадиожурналистика БББ бойынша келесі аты аталған сыртқы эксперттер тізімі белгіленді:

1. М.Дәулетов, «Түркістан-медиа» ЖШС директоры, газеттің бас редакторы
2. «Turkistan media holding» ЖШС («Түркістан телеарнасы») Бас директоры
3. А.Балажан «Оңтүстік Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті редакциясы» ЖШС директор-бас редакторы

2. 6В032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ паспорттары әзірленді.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ АҚПАН АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі ББ аудиті өткізіліп стейкхолдерлердің ұсыныстары жинақталып зерттелді.

6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша академиялық комитетіне қарасты 2 білім беру бағдарламасы бар: 1)6B03239 -Журналистика білім беру бағдарламасы; 2) 6B03279-Сандық медиа және телерадиожурналистика білім беру бағдарламасы. Осы екі білім беру бағдарламасына аудит жасалып, жұмыс берушілердің пікірлері мен ұсыныстары жинақталып, зерттелді. Сыртқы эксперттердің сараптамалық тұжырымдамалары алынды.

Сыртқы эксперттері сараптамалық тұжырымдамалырында бір ауыздан «білім беру бағдарламалары заманауи ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге қабілетті, әлеуметтік ортада зерттеу және басқару қызметін тиімді жүзеге асыратын, жоғары оқу орындары мен орта арнаулы білім беру мекемелерінде арнайы пәндерді оқыту үшін қажетті білімі мен іскерлігі бар, кәсіби мәдениет деңгейі жоғары журналистерді дайындауға бағытталғаның атап өтті. БББ-лары журналист кадрларды даярлау сапасын бағалаудың мақсатын, мазмұнын, жоспарланған нәтижелерін, жүзеге асыру жолдарын, саясатын айқын көрсетеді. БББ-лар бакалавриаттың құзыреттілік моделі ақпарат және саясат, медиа және заманауи ақпараттық технология саласында іргелі теориялық және практикалық білімі бар бітірушінің жалпы кәсіби және кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруды қамтиды» деген.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НАУРЫЗ АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

- 1.1. 6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша жаңартылған ББ паспорттары ББ тізілімдемесіне ұсынылды.

	ББ атауы	Өтініш берілген күні	Расталу күні	%
1.	6B03239-Журналистика	02.05.2023	19.05.2023	80,31
2.	6B03279-Сандық медиа және телерадиожурналистика	02.06.2023	21.06.2023	82,27

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СӘУІР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талданды.

БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау барысында 2023 жылы 11-15 сәуір аралығында өткен академиялық тексеру комиссиясының ұсынымдары ескерілді.

Бұл мәселе бойынша келесі ұсынымдар берілген:

1. Университеттің студенттерге ұсынып отырған кітапханалар, зертханалар, компьютерлер сияқты ресурстар сан жағынан жеткілікті болып көрінгенімен, сапасы жағынан заман талабына сай емес, заманауи технологияны толық көрсете алмайтын сияқты.

2. Онлайн-ақпараттық ресурстар мен студенттерге қолжетімді мүмкіндіктердің жеткіліксіздігі де бар. Сол сияқты қашықтықтан білім беру қызметтері мен осы қызметтерге қолжетімділікте де кемшіліктер бар.

3. Мүмкіндігі шектеулі жандардың білім алу мүмкіндіктерін қарастыру қажет; Мүмкіндігі шектеулі студенттердің оқу ғимараттары мен аудиторияларға кіру, сабақтарға қатысу, материалдарды пайдалану, практикаға қатысуға қатысты физикалық өзгерістер мен қызметтерді жүзеге асыру қажет.

4. Бакалавр деңгейінде жетекшілік қызметтердің жеткілікті деңгейде көрсетілмеуі.

5. Бағдарламаны бақылау үдерістері мен ішкі сапа қауіпсіздігі механизмі арасында жеткілікті деңгейде байланыстың болмауы. Жұмыс басталған, бірақ әлі нәтижесі жоқ.

6. Мамандыққа қатысты технологиялық инфрақұрылымның жеткіліксіздігі. 6B03279-Сандық медиа және телерадиожурналистика жаңадан ашылған мамандығымызды оқытуда, жалпы журналистік білім беруде заманауи оқу тәжірибелік телестудиямен жабдыкталуы жедел түрде жолға қойылуы керек.

2. БББ шеңберінде әр пән мен оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау жұмыстары жүргізілді.

БББ-лар шеңберінде әр пән оқытушысының меңгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау мақсатында, талдау жүргізілді. Жаңадан енгізілген арнайы пәндер бойынша біліктілік арттыру жоспарын жасауға тапсырма берілді.

3. Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурс ұсынысы әзірленіп Адам ресурстарын басқару бөліміне жіберілді.

№	Кафедра аты	Оқытушы	Аға оқытушы	PhD/ Ғылым кандидаты	Ғылым докторы
1	Журналистика	-	1	1	-
	Барлығы:	-	1	1	-

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МАМЫР АЙЫНДА АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР

1. 6B032 - «Журналистика және ақпарат» даярлау бағыты бойынша ББ өзіндік бағалау жүргізілді.

Барлық кафедралар өздеріне тиісті БББ-ларына талдау жасап өзіндік бағалау есебін дайындады. Талдау нәтижелері біріктіріліп, жалпы бір презентацияға салынды. Презентация университет сайтына жіберілді.

Журналистика кафедрасы:

Соңғы 3 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері (Атамекен) бойынша:

6B03239 - Журналистика БББ-сы 2020 жылы – 16/28, 2021 жылы – 6/23, 2022 жылы – 14/21 орынға ие болды. 2020 жылы эксперттен кейбір пәндердің мазмұны бойынша бірқатар сындар айтылып ұсыныстар берілген. Ұсыныстар назарға алынып, силлабустардың мазмұндары қайта әзірленді.

2022-2023 оқу жылында білім беру бағыты бойынша академиялық комитеттер қайта құрылып, білім беру бағдарламалары сол комитетке ұсынылды. Комитет тарапынан білім беру бағдарламалары талқыланып барлық оқыту нәтижелері жаңартылды.

Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар атқарылған жоқ.

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдары өкілдерімен байланыс нәтижелері бойынша айтатын болсақ, жұмыс берушілермен бірлікте ББ дайындалады. 6B03239-Журналистика ББ-сына жұмыс берушілер ұсынысы негізінде «Ақпарат жинау және жазу шеберлігі», «Қазіргі баспасөз қызметі», «Мерзімді баспасөз дизайны», «Дата журналистика» пәндері енгізілді.

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері. Жыл сайын білімгерлерден, жұмыс берушілерден сауалнамалар алынып, нәтижелері талданады. 2022-2023 оқу жылында да «Оқытушы студент көзімен» сауалнамасы алынып, талқыланды. Нәтижесінде ашық сабақтар беру, сауалнама сауалдарына орай біліктілік жетілдіру курстарына ұсыныс жасалды. ББ бойынша сауалнама сұрақтары әзірленіп, жұмыс берушілерге берілді. Сарапшылар пікірлерімен бірге ұсынылды.

- Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері

✓ Кафедра аға оқытушысы А.Сәдібеков АҚШ-тың NFA- да «Болашақ» бағдарламасымен 10 айлық тағылымдамадан өтіп жатыр

Жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері

Жұмыс беруші	Байланыс нәтижелері	Растайтын құжат
«Turkistan Media Holding» ЖШС	Дуалды оқыту үдерісін ұйымдастыру туралы келісім-шарт	№22/2519 26.08.2022 ж.

Сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері

Сауалнамалар түрі	Нәтижесі
Жұмыс берушілердің ББ-на	5/5
Оқытушы студенттер көзімен	5/4.76
Түлектер үшін бағалау сауалнамасы	5/4.50

Білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері
6В03239-Журналистика

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
грант	6	20	-	4
ТД грант	1	4	2	3
квота	1	-	19	11
ақылы	2	-	1	
Түркия гранты		-	9	
Барлығы	10	24	31	18
Жалпы барлығы				

6В03279-Сандық медиа және телерадиожурналистика

	1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
грант	5	18		
ТД грант				
квота				
ақылы	3			
Түркия гранты	1			
Барлығы	9	18		
Жалпы барлығы				

Түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері

ББ атауы	2020		2021		2022	
	Саны	%	Саны	%	Саны	%
6В03239-Журналистика	29	92.3	25	100	23	85
6В03279-Сандық медиа және телерадиожурналистика	-	-	-	-	-	-

SWOT – талдау

(бұл универ бойынша жасалған SWOT – талдау)

S (strengths) – Күшті жақтары(ықтимал позитивті ішкі факторлар)	
1.	Университетте халықаралық және ерекше мәртебенің болуы және ҚР мен ТР-ның қаржылық және зияткерлік ресурстарын пайдалану мүмкіндігі.
2.	Түркияның жетекші университеттерінен ОПҚ мен басқарушыларды тарту мүмкіндігі.
3.	Өз құрылымында медицина мамандарын даярлайтын Қазақстандағы халықаралық деңгейдегі бірінші көпсалалы университет болуы.
4.	Қазақстан мен Түркия ұсынатын білім алушылар үшін мемлекеттік білім беру

	гранттарының болуы.
5.	Заманауи кампус пен инфрақұрылымның болуы.
6.	Университетте әлемнің 19 елінен келген 42 түркі халықтарының білім алуы түркі тілдерінің бірегей тірі зертханасын құруы.
7.	Ұлттық және халықаралық рейтингтерде университет елдің және аймақтың үздік оқу орындарының қатарына кіруі.
8.	Заманауи талаптарға жауап беретін жаңа кітапхананы пайдалануға беруі, Халықаралық ғылыми базалардың толық мәтіндерге қол жетімділігі.
9.	Студенттерді ағылшын және түрік тілдеріне оқытуға бағытталған бағдарламалардың болуы, «тілді жетілдіру курсының (Foundation)» болуы, ТТЕ гранты бойынша білім алушылар үшін тегін курстар ұйымдастыруы.
10.	Тілдерді оқыту мүмкіндігі (түрік, қазақ, ағылшын және орыс тілдері).
11.	Түркия Республикасының озық жоғары оқу орындарымен тығыз ынтымақтастық туралы меморандумдар мен келісім-шарттардың болуы.
12.	Профессор-оқытушылар құрамының, кафедралар мен факультеттердің жұмыс нәтижелері бойынша еңбекті бағалау және ынталандыру жүйесінің болуы.
13.	Дарынды және талантты жастарды ғылыми ізденіске бейімдеу жүйесін жаңарту және дамыту («Ясауи пәндік олимпиадасы», «Дарын» РФПО-мен тікелей байланыс).
14.	Дуальді оқыту жүйесінің болуы.
15.	Барлық стейкхолдерлердің білім беру бағдарламасын әзірлеуге және бағалауға қатысуының жоғары деңгейі.
16.	Білім беру бағдарламасының ЭПК білім алушылардың оқу пәндерін таңдау және жеке білім беру траекториясын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.
17.	Практикаға бағытталған оқыту.
18.	Жүйелі кәсіптік бағдар беру жұмыстары ұйымдастырылуы, білім алушылар контингентінің серпінді өсуі.
19.	Diploma Supplement болуы.
20.	Instagram және Facebook әлеуметтік желілерінде белсенді беттердің болуы.
W(weaknesses) – Әлсіз жақтары (ықтимал негативті ішкі факторлар)	
1.	Оқу-зертханалық базаның әлсіздігі, оқу алаңдары мен жатақханалардың жетіспеушілігі.
2.	Жетекші шетелдік жоғары оқу орындарымен, оның ішінде түрік университеттерімен қосдипломды және бірлескен білім беру бағдарламаларының болмауы.
3.	Біліктілігі мен әлемдік деңгейдегі тәжірибесі бар, елеулі халықаралық іс-шараларды жоспарлауға және іске асыруға қабілетті мамандардың тапшылығы.
4.	ПОҚ-ның зерттеу гранттарын алуға арналған халықаралық конкурстарға төмен қатысуы.
O (opportunities) – Мүмкіндіктер (ықтималды позитивті сыртқы факторлар)	
1.	Түркістан облысының құрылуы және түркі әлемінің рухани орталығы ретінде Түркістан қаласының жандануы Ахмет Ясауи университетінің дамуы үшін жаңа сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге бастама болады.
2.	Университетті екі мемлекет тарапынан қолдау. Түрік университеттерімен кадрларды даярлау, бірлескен зерттеулер жүргізу, студенттердің ұтқырлығы және т.б. ынтымақтастық мүмкіндіктері.
3.	Франчайзинг моделі бойынша жұмыс істеуге дайын Түркия университеттерімен стратегиялық серіктестікті кеңейту – (Gazi University, Middle East Technical University, Hacettepe University, Marmara University, Yildiz Technical University).
4.	Жұмыс берушілер тарапынан студенттерді практикаға бағытталған оқытуды құру бойынша бірлескен ынтымақтастық ниетінің болуы.

5.	Қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен ҚАЗТЕП және ТУРТЕП негізінде жаһандық білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндігі, бұл әлемнің кез келген нүктесінен қазақ, түрік, ағылшын және орыс тілдерінде білімге қол жеткізуге мүмкіндік береді.
6.	Білім беру, жастардың ұтқырлығы туралы құжаттарды өзара мойындау мәселесін шешетін білім беру бағдарламаларын үйлестіру мақсатында түркі әлемі университеттері үшін цифрлық платформаны құру түркі әлемі университеттерінің халықаралық рейтингтерде бірлескен ілгерілеуіне ықпал етеді.
7.	Ағылшын және түрік тілдерінде жүргізілетін пәндер тізбесін кеңейту арқылы академиялық ұтқырлық бағдарламасымен шетелдік жоғары оқу орындарынан келетін студенттер санын арттыру мүмкіндігі.
8.	Қашықтықтан оқыту сапасын жақсарту және оны университеттің білім беру қызметіне кеңінен енгізу арқылы әртараптандырылған қолжетімді сапалы білім беру мүмкіндігі (оқу бағдарламалары, бленд-оқыту).
9.	Түркияда PhD докторантура бағдарламалары бойынша мақсатты оқыту арқылы ғылыми дәрежеленген оқытушылардың үлесін арттыру мүмкіндігі.
10.	Университет ғалымдары мен оқытушыларының ғылыми-гранттық байқауларға (Ғылым комитеті, ҚР Тұңғыш Президенті Қоры, ТУБИТАК, ТИКА, Presidency for Turk sAbroad and Related Communities (YTB) және т. б.) белсенді қатысу мүмкіндігі.
11.	Ауқымды ғылыми іс-шараларды ұйымдастыру мүмкіндігі (сапалы материалдық-техникалық база, қонақ үй, мәдениет сарайы, кітапхана, клиника және т. б.)
12.	Шетелдік зерттеу институттарымен ынтымақтастық, жетекші халықаралық университеттермен өзара байланыс орнату және бірлескен зерттеу жобаларын жүзеге асыру мүмкіндігі.
13.	Жастар саясатын жандандыру, волонтерлік қызмет көрсету және әлеуметтік жобаларды іске асыру мүмкіндігі.
14.	Түркістан қаласының инфрақұрылымының жақсаруы (заманауи әуежай, жаңа туристік объектілер және т. б.).
Т (threats) – қауіптер (ықтималды негативті сыртқы факторлар)	
1.	Ұлттық және халықаралық деңгейде жоғары білім беру саласындағы жоғары бәсекелестік.
2.	Жас білікті кадрлардың тапшылығы.

АК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ЖАҚСARTU ҰСЫНЫСТАРЫ:

1. БББ-ның сапасына байланысты мониторинг жұмыстарын күшейту.
2. Барлық стейкхолдерлерді ұйымдастырып кездесулер өткізу.

Академиялық комитеттің № 9 мәжілісінде 14 06 2023 ж талқыланып, бекітуге ұсынылды

АК төрағасы Жәнішев